

2013 жылға Күршім ауданы халқының нысаналы топтарын анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 07 наурыздағы N 2813 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 04 сәуірде N 2927 болып тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Күршім ауданының әкімі аппаратының 2014 жылғы 14 қаңтардағы № 01-05/4501 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Күршім ауданының әкімі аппаратының 14.01.2014 № 01-05/4501 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және жұмыспен қамтудың қосымша мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында, Күршім ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2013 жылға Күршім ауданы халқының келесі нысаналы топтарын анықталсын :

- 1) табысы аз адамдар ;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көпбалалы ата-аналар ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар ;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;

- 7) м ү г е д е к т е р ;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р ;
- 10) о р а л м а н д а р ;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын б і т і р у ш і л е р ;
- 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
- 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған а д а м д а р ;
- 14) интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері;
- 15) мектептердің, кәсіби оқу мекемелердің түлектері;
- 16) «Күршім ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар;
- 17) басымды мамандықтар (кәсіптер) бойынша кәсіптік оқуды аяқтаған Жұмыспен қамту – 2020 бағдарламасының қатысушылары;
- 18) отбасында бір де бір жұмыс істеушісі жоқ адамдар;
- 19) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар;
- 20) 50 жастан асқан әйелдер;
- 21) адамдардың иммун тапшылығы вирусын жұқтырғандар, есірткіге тәуелді а д а м д а р .

2. «Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (С. Такенова) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдарға жұмысқа орналасуда жәрдемдесуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М. Қ а л е л о в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданының әкімі

А. Сеитов